

Бекітемін
№29 «Ай - Керім» бөбекжай -
бақпасының меңгерушісі:
_____ К.К. Сейдалиева

«Жаңа жыл-жаңа жыр!»

«Балдырған» ортаңғы тобы



Тәрбиешілер: Дүкенбаева А.
Жумабаева А.Б.

Шымкент-2022ж

«Жаңа жыл-жаңа жыр!»

Залдың ортасындағы жасыл шырша алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген. Балалар музыка әуенімен қол ұстасып кіреді. Қатарға тұрып би билеп, орындыққа жайғасады.

Би: Флешмоб

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балалар, мереке қонақтары қош келіңіздер. Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Жаңа жыл тек табыс береке, бірлік әкелсін. Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын.

Кел,, жаңа жыл, жаңа бақыт ырысым.

Жақсылықтың жаршысы да нұрысың.

Адамдардың асқақтаған арманы,

Ақындардың таусылмайтын жырларың –дей келе «Балдырған тобының»

«Жаңа жыл -жаңа жыр!» атты ертеңгілігіне қош келіңіздер.

Жүргізуші: Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай әсем шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз.

Ән: «Жаңа жыл»

Жүргізуші: Бүлдіршіндеріміздің жаңа жылға арналған өлең шумақтарын бірге тыңдайық.

Муси: Тамаша, тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Алуа: Келді тазы жаңа жыл,

Қуантумен біздерді.

Құтты болсын қуаныш,

Құттықтаймыз сіздерді.

Алинур: Жаңа жыл, жаңа жыл,

Жаңа жылда жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында,

Билеп барлық бала жүр.

Мансур: Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағынған.

Міне сұлу шыршамыз,

Көптен күтіп сағынған.

Айлин: Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрлет – төрлет жаңа жыл,

Бізге құтты жыл болсын.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!

Сайқымазақ: Ішке асыр салып, Сайқымазақ кіріп келеді. Балалар сендердің керемет дауыстарыңды естіп, сырттан бақылап қарап тұрдым, айтқан өлең шумақтарың маған қатты ұнады.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе? Сайқымазақ бізге қандай өнеріңді көрсетесін?

Сайқымазақ: Мен керемет ойын білемін. Менімен кімнің ойнағысы келеді?

Ойын: «Қар жинау»

Сайқымазақ: Жарайды, сендерге үлкен рахмет!

Балалар біздің шыршамыз көңілсіз ,қане олай болса кешіміздің басты қонаға

Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық! Олар бізге шыршаны жағуға көмектеседі.

АЯЗ АТА, АҚШАҚАР (Зрет айқайлайды.)

Залға әуенмен Аяз ата Ақшақар кіреді.

Аяз ата: Амансың ба ұлдарым?

Амансың ба қыздарым?

Қандай жарқын жүздерің!

Қандай әсем жырларың!

Асулармен алысқан,

Асау желмен алысқан,

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан.

Өздеріңе оралдым,

Бар сыйлығым – жоралғым .

Керемет бір ән тыңдап,

Келіп тұр – ау демалғым.

Қуант бізді таңырқат,

Шамдарыңды жарқырат.

Ақшақар: Әсем кештің ажары,

Әсем бисіз кірмейді.

Кіп-кішкентай бишілер,

Мың бұрала билейді.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы ,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын деген сөз,

Қанаттана кең әлемге тарайды.

Ұл балдарымыздың аңдар биін бірге тамашалайық.

Би: «Аңдар биі»

Жүргізуші: Сәнді сарай залында,

Жасыл шырша жанында.

Жаңа жылды қарсы алып,

Би билейміз ән салып. Балаларымыздың орындауында әсем әнді қабыл алыңыздар.

Қарақат: *Жаңа жыл келген де,*

Қуанып қарсы аламыз.

Аяз ата келгенде,

Билейміз ән саламыз.

Сафия: *Оралды өлкеме,*

Жаңа жыл армысың.

Оранды ақ көрпеге,

Асқар тау қарлы шың.

Ақбаян: *Аяз ата келіп тұр,*


Бізге сәлем беріп тұр.

Сақалының ұзынын- ай,

Кесіп алғым келіп тұр.

Ислам: *Әдемілеп біз ілген ,*

Ойыншықтар тізілген.



Қандай әсем шыршамыз,
Ән салайық баршамыз.

Ән: «Аяз ата.»

Аяз-Ата, Ақшақар: Ал, балалар, біз сендердің сыйлықтарыңды
үлестіріп, қайтайық. Бізді басқа балалар да күтіп отыр. Аяз-ата
сыйлықтарды таратады. (Шығып кетеді.)

Жүргізуші:

Жаңа жыл бірлік берсін елімізге,

Береке ырыс келсін жерімізге.

Қыспақты пейіліміз жеңіп шығып,

Қуаныш шашу шашсын төрімізге.

Құрметті қонақтар! «Жаңа жыл-жаңа жыр!» атты ертеңгілігіміз
аяқталды. Біздің осындай өнерлі, сүйкімді, ақылды, тәп-тәтті
бүлдіршіндеріміздің өнерін тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет. Жаңа
жыл құтты болсын! Жаңа жыл мол табыс әкелсін! Денсаулықтарыңыз
мықты болсын! Сау-саламат болыңыздар!